

---

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

3 қараша 2015

### **2015 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің кірістілігі 10%-дан астыл**

2015 жылғы 1 қаңтар – 31 қазан аралығындағы кезеңде БЖЗК зейнетақы активтерінің кірістілігі 10,2%-ды құрады.

2015 жылы Ұлттық Банк БЖЗК зейнетақы активтерін жалпы сомасы 971,6 млрд. теңгеге инвестициялады, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі жылдық 8,14% орташа алынған кірістілікпен 419,0 млрд. теңгеболды;

- квазимемлекеттік ұйымдардың бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі жылдық 8,13% орташа алынған кірістілікпен 105,1 млрд. теңгеболды;

- екінші деңгейдегі банктердің қаржы құралдарына инвестициялар көлемі жылдық 9,03% орташа алынған кірістілікпен 371,6 млрд. теңгеболды;

- еурооблигацияларға инвестициялар көлемі жылдық 6,73% орташа алынған кірістілікпен 70,1 млрд. теңгеболды;

- қазақстандық эмитенттердің акцияларына инвестициялар көлемі 5,8 млрд. теңге болды.

Тұтастай алғанда, Ұлттық Банк 2015 жылы жүзеге асырған барлық жаңа инвестициялардың кірістілігі жылдық 8,33%-ды құрады.

Бүгінгі күні БЖЗК зейнетақы активтерінің мөлшері 5,5 трлн. теңгені құрайды.

2014 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңде БЖЗК зейнетақы активтерінің кірістілігі 17,1% болды.

«БЖЗК» АҚ Баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстары: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)